



**БІЛІМ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ БОЙЫНША  
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ - IQAA**

**«СЫРДАРІЯ» УНИВЕРСИТЕТІ ЖШС  
СЫРТҚЫ БАҒАЛАУ  
ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕБІ**

**7M01601 - «ТАРИХ МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУ /  
6M011400 - «ТАРИХ»**

**БАҒДАРЛАМАНЫ АККРЕДИТТЕУ**

**Нур-Султан 2020**

## ЭКСПЕРТТИК ТОП



**Зулпыхарова Эльмира Умирзаковна**  
**Топ жетекшісі**

Қ.А. Ясауи университеті тарих кафедрасының профессоры, т.ғ.к.  
доцент



**Сартаев Сыпатай Алтынбекұлы**  
**Сарапшы**

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, кафедра  
меңгерушісінің орынбасары



**Тәжібеков Аскар**  
**Жұмыс берушілер өкілі**

Жетісай аудандық мұражай директоры



**Қуат Нұрғиса Маратұлы**  
**Студенттер өкілі**

М. Әуезов атындағы ОҚМУ 3 курс студенті, «Тарих» мамандығы

**ӘР СТАНДАРТ БОЙЫНША 7М01601 Тарих БІЛІМ БЕРУ  
БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ЕСЕБІНІҢ  
НАҚТЫ ДЕҢГЕЙГЕ СӘЙКЕСТІГІ**

Стандарттар	Әр стандарт бойынша өзін-өзі бағалау есебінің нақты деңгейге сәйкестігін белгілеңіз			
	Толық сәйкестік	Елеулі сәйкестік	Ішінара сәйкестік	Сәйкес келмейді
<i>Стандарт 1</i> Білім беру бағдарламаларының мақсаттары және сапаның қамтамасыз ету саласындағы саясат	+			
<i>Стандарт 2</i> Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және акпараттарды басқару	+			
<i>Стандарт 3</i> Студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау	+			
<i>Стандарт 4</i> Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау	+			
<i>Стандарт 5</i> Профессорлық – оқытушылық құрам		+		
<i>Стандарт 6</i> Оқу ресурстары және студенттерді қолдау		+		
<i>Стандарт 7</i> Жұртшылықты акпараттандыру	+			

## *Мазмұны*

### **1 ТАРАУ. МӘТІНМӘН МЕН САПАРДЫҢ МАҚСАТЫ**

**Кіріспе**..... 5

ЖОО-ның негізгі сипаттамасы..... 5

### **2 ТАРАУ. САРАПШЫЛАР ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ БАҒАЛАУ**

#### **ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕБІ**

Мамандарылған (бағдарламалық) аккредиттау стандарттарына сәйкестік

**Кіріспе**..... 7

#### **Стандарт 1**

Білім беру бағдарламаларының мақсаттары және сапанын қамтамасыз ет саласындағы саясат..... 8

#### **Стандарт 2**

Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару..... 10

#### **Стандарт 3**

Магистрантқа бағытталған оқыту, білім беру және бағалау..... 15

#### **Стандарт 4**

Магистранттарды қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау..... 18

#### **Стандарт 5**

Профессорлық – оқытушылық құрам ..... 21

#### **Стандарт 6**

Оқу ресурстары және магистранттарды қолдау ..... 25

#### **Стандарт 7**

Жұртшылықты ақпараттандыру..... 29

### **3 ТАРАУ**

**ҚОРЫТЫНДЫ**..... 31

#### **ҚОСЫМШАЛАР**

##### **Қосымша 1**

Сыртқы бағалаудың бағдарламасы ..... 32

##### **Қосымша 2**

Сұхбатқа қатысқандардың тізімі ..... 34

##### **Қосымша 3**

ЖОО-да қосымша қарастырылған құжаттар..... 37

# 1 ТАРАУ МӘТІНМӘН МЕН САПАРДЫҢ МАҚСАТЫ

## *Kіріспе*

Сырдария университетінің мамандандырылған аккредиттеу процедурасы шеңберінде сарапшылар тобының сыртқы сапары 2020 жылғы 12-13 қазан аралығында өтті.

Сыртқы аудит IQAA жасаған және университет әкімшілігімен келісілген бағдарламаға сәйкес жүргізілді. Жұмысқа қажетті барлық материалдар (сапар бағдарламасы, университеттің білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебі, мамандандырылған аккредиттеу процедурасы бойынша сыртқы бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық) сараптама тобының мүшелеріне білім беру ұйымына барар алдында таныстырылды, бұл сыртқы бағалау процедурасына уақытылы дайындалуға мүмкіндік берді.

Университет басшылығымен кездесу сарапшылар тобына университеттің жалпы сипаттамасын, соңғы жылдардағы жетістіктер мен білім беру бағдарламаларын және жалпы университеттің даму перспективаларын алуға мүмкіндік берді.

Сыртқы сапарда жоспарланған іс-шаралар университеттің құрылымымен, оның материалдық-техникалық базасымен, кафедра профессор-оқытушылар құрамымен, студенттермен, магистранттармен және докторанттармен, университеттің түлектерімен, жұмыс берушілерімен толығырақ танысуға ықпал етті және сыртқы сарапшыларға білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебінің деректерінің нақты сәйкестігін тәуелсіз бағалауға мүмкіндік берді.

Университеттің білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебінде көптеген ақпарат бар, мұнда университеттің барлық бағыттары мен құрылымдық бөлімшелері мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына сәйкес талданады, күшті және әлсіз жақтары анықталады, қауіп-қатерлер мен одан әрі дамудың мүмкіндіктері анықталады.

Оқу, ғылыми-әдістемелік процестерді, материалдық-техникалық және оқу-зертханалық базаларды ұйымдастыру туралы жалпы түсінік алу, оның стандарттарға сәйкестігін анықтау, сондай-ақ олардың жұмыс орындарында студенттермен және қызметкерлермен байланыс орнату мақсатында визуалды тексеру жүргізілді. Сарапшылар бөлімдерді, бөлімдер мен орталықтарды, кітапхана, фельдшерлік-акушерлік пункт, спортзал, жазғы спорт алаңы және денсаулығына байланысты студенттерге арналған жаттығу бөлмелерін және т.б. қарап шықты.

Сыртқы аудитті өткізу барысында сарапшылар кафедралардың құжаттамасын зерделеді және жұмыс барысымен, оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық қамтамасыз етумен толығырақ танысу мақсатында аккредиттелген бағдарламалар бағытындағы кездесулерге қатысады.

### **Университеттің негізгі сипаттамалары**

«Сырдария» университеті жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 1998 жылдың 27-ші шілдесінде Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және

денсаулық сақтау министрлігінің №408 бұйрығымен құрылған. 1998 жылдың 5-наурызында Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті, Мақтаарал ауданының Әділет басқармасында заңды тұлға ретінде тіркелді. 2002 жылы 12-ақпанда Білім берумен шұғылдануға арналған ААН 000169 сериялы лицензиясы, 2010 жылы 28-қыркүйекте жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру қызметін жүргізу құқығы беріліп, АБ№ 0137474 сериялы лицензия негізінде қызметін атқаруда. Университет ректоры қызметін Мамраимов Серік Дәулетұлы атқарады. «Сырдария» университеті мемлекеттік лицензияға сәйкес мемлекеттік тапсырыс және ақылы негізде күндізгі, қашықтықтан оқыту қысқартылған нысандары негізінде білім беру қызметін көрсетеді.

Университетте 5 оқу ғимараты, өндірістік практика өткізуге арналған инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы, жылыжай, 4 кітапхана, 500 орындық «Студенттер сарайы», 320 орындық жатақхана бар.

Университет білім алушыларының оқу, әдістемелік, ақпараттық, анықтамалық материалдар, өзіндік тапсырмалар орналасқан білім беру порталына кіру үшін өздерінің есептік жазбалары бар. Профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер Platonus, Cisco Webex және Instagram, WhatsApp және Facebook Messenger платформалары арқылы қашықтықтан оқыту жүйесін жүзеге асырады және студенттермен ұдайы кері байланысты ұйымдастырады тексеру барысында анықталды.

Заңды және нақты мекен-жайы

160500 Қазақстан Республикасы,

Жетісай қ., К. М.Әуезов, 14.

Телефон: 8 (72534) 6-14-63, 6-14-27

Факс: 8 (72534) 6-14-63, 6-20-08

Электрондық пошта: [info@sirdariya.kz](mailto:info@sirdariya.kz), [sirdariya@gmail.com](mailto:sirdariya@gmail.com).

## 2 ТАРАУ САРАПШЫЛАР ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ БАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕБІ

### *Kіріспе*

Университет қазіргі таңда Түркістан облысындағы білім және ғылыми, әдістемелік және мәдени орталықтарының бірі болып табылады. Университет оқытудың жаңа технологияларын ендіруде және ғылыми зерттеу базасын ұлғайта отырып, жоғары сапалы және кең көлемді білім беру қызметімен қамтамасыз етеді. Университет түлектері Қазақстанның білім беру және экономиканың әр түрлі салаларында жемісті қызмет атқара алады және еңбек нарығындағы бәсекелестікте қабілетті. ЖОО даму және қалыптасу тарихы 22 жылдан астам.

ҚР Білім беру министрлігінің Ұлттық аккредиттеу орталығы өткізген Ұлттық рейтингінде 2018 жылы «Сырдария» университеті көпсалалы ЖОО-лар арасында 17-орынға, 2019 жылы 16-орынға ие болды. Ал, электрондық кітапхана ресурстары бойынша «Сырдария» университеті Қазақстан Республикасы ЖОО арасындағы үздік ондықтың төртінші сатысында тұр.

2015-2016 оқу жылында университет Білім беру сапасын қамтамасыздандыру тәуелсіз қазақстандық агентігі мен Аккредиттеу және рейтингтің Тәуелсіз агентігінен институционалды аккредиттеуден сәтті өтті.

Берілген лицензияға сәйкес (АБ №0137474, 28.09.2010ж.) бакалавриат бойынша 27 білім беру бағдарламасына және магистратура бағыты бойынша 6 білім беру бағдарламасына білім беруге құқылы. (Қосымша 1)

БББ жүзеге асыруды «Отан және шетел тарихы» кафедрасы жүзеге асырады. Кафедра бакалавриаттың 1 білім беру бағдарламасы бойынша, магистратураның 1 білім беру бағдарламасы бойынша мамандар даярлайды. 7М01601 - «Тарих мұғалімдерін даярлау» / 6М011400 - "Тарих" білім беру бағдарламасы бойынша магистр мынадай кәсіби қызмет түрлерін атқара алады: оқыту; тәрбиелеу; әдістемелік; зерттеу; әлеуметтік-коммуникативтік.

«Сырдария» университетін бітірген түлектер еңбек нарығы талаптарына сай жұмыспен қамтылған. Түлектеріміз мектептерде, колледждерде, білім беру басқармаларымен ЖОО т.б. жұмыс орындарында абыроймен қызмет атқаруда.

Кафедрада жыл сайын педагогикалық біліктілікті жетілдіру мақсатында түрлі шаралар жүргізіліп келеді: оқу және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерттеу; оқу құралдарын дайындау; тәжірибелі оқытушылардың ашық сабағына ену; біліктілікті жетілдіру курстарынан өту; семинар, конференциялар ұйымдастыру және т.б.

Аккредиттелетін білім беру бағдарламасының түлектері білім беру мекемелерінің (аймақтың колледждерінде, жоғары оқу орындары мен жалпы орта мектептің тарих мұғалімі, профессор-оқытушылары мен ғылыми-зерттеу орталықтарының қызметкерлері, білім басқармалары және т.б. қызметкерлері болып жұмыс істейді.

Білім беру бағдарламасы мен университет туралы қосымша ақпаратты ресми Web-сайтынан алуға болады. [www.sirdariya.kz](http://www.sirdariya.kz).

7M01601 - «Тарих» мұғалімдерін даярлау / 6M011400 - «Тарих» білім беру бағдарламасын мамандандырылған аккредиттеуден өтуге өзін-өзі бағалау есебін дайындау барысында қажетті мәліметтер жинақталып, нақты талдау жүргізілді, IQAA-ның жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын аккредиттеу нұсқауы (2020 жыл) негізінде жазылды және жүйелі, нақты, шынайы мәліметтер жинақталып дайындалды.

Қоғамдық жаһандану мен бәсекелестіктің күшеюіне байланысты қазіргі күнде табысқа жетудің басты өлшемдерінің бірі ЖОО арасындағы рейтингі мен аккредитациядан өту болып табылады.

## **СТАНДАРТ 1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ**

### **Дәлелдемелер және талдау**

Сапа саласындағы саясатты қабылдау процедурасы Академиялық саясатта (18.03.2020 ж. қабылданды) сипатталған. «Сырдария» университетінің сапа саласындағы саясаты мен мақсатына қатысты жобалар бөлімшелердегі құзыретті мамандардың қатысуы арқылы әзірленеді, бөлімшелерде талқыланады. Жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстар талдау және қорыту жұмыстарын жүргізетін Сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг бөлімі мәліметтерді жинақтап, саясаттың нақтыланған жобасы университет ректорына беріледі. 7M01601 - «Тарих мұғалімдерін даярлау» / 6M011400 - «Тарих» білім беру бағдарламасы Университеттің миссиясына, стратегиялық жоспарына, мақсаты мен міндеттеріне сәйкестендірілген.

Сапа саласындағы саясат «Сырдария» университетінің стратегиялық жоспары негізінде әзірленеді. ЖОО басшысы сапа саласындағы саясатты жүргізуге жауапты

БББ сапасын қамтамасыз ету саясаты магистранттардың талабы мен сұраныстарын және БББ сұранымды бағалау нәтижесіне, жұмыс берушілердің мүддесі мен еңбек нарығының талабына сай қалыптастырылған. Кафедрада аталған мақсаттарды орындауға қажетті ресурстармен толық қамтамасыз етілген. Бұл алға қойылған мақсаттар орындалынады және перспективалық ұзақ мерзімдік сипатқа ие. Олар шынайы маңыздылыққа ие және университеттің 2020 жылға дейін даму Стратегиясына сәйкес келеді

7M01601 - «Тарих мұғалімдерін даярлау» / 6M011400 - «Тарих» білім беру бағдарламасының түлектері білім беру-тәрбиелік, ұйымдастыру-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және кәсіби қызметтің коммуникативтік түрлерін жүзеге асырады. Еңбек нарығында талап ету критерийіне олардың 90-пайыздық жұмыспен қамтылуы куәландырады.

Университет стратегиялық жоспарын жүзеге асыру үшін жоғары басшылық университеттің ұйымдастыру құрылымын инновациялық типтегі



бірқатар міндеттер кешенін шешуге бағыттау үшін, университеттің құрылымы оңтайландырылды, құрылымдық бөлімдер ережелері мен барлық деңгейдегі қызметкерлердің қызметтік нұсқаулары дайындалған

7M01601 - «Тарих мұғалімдерін даярлау» / 6M011400 - «Тарих» білім беру бағдарламаларының мақсаттарын анықтау және оны жүзеге асыру сапасын қамтамасыз ету үшін «Филология және гуманитарлық білім» факультеті мен «Отан және шетел тарихы» кафедрасы жауапты. Кафедра және факультет өз қызметін университеттің қолдаушы қызметтерімен – тіркеу офисі, оқу-әдістемелік басқармасы, Сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг бөлімі және т. б. тікелей байланыста жүзеге асырады.

Білім беру бағдарламаларының динамикасы туралы элективті пәндер каталогының мазмұнын куәландырады, ол сыртқы ортаның өзгеруін және еңбек нарығының талаптарын ескере отырып үнемі жаңартылып отырады. Элективті пәндер каталогы колледж директорлары мен жоғары оқу орнының кафедра меңгерушілерімен және жұмыс берушілердің пікірлері мен тілектерін ескере отырып қалыптастырылады және тұрақты түрде қайта қаралады.

Кафедра және факультет өз қызметін университеттегі қолдау қызметін көрсететін – тіркеу бөлімі, оқу-әдістемелік басқармасы, Сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг бөлімдерімен қызыл жүзеге асырады.

Университетте жазбаша жұмыстарды плагиатқа тексеру "Антиплагиат" АҚ лицензиялық бағдарламасы бойынша жүргізіледі. 27 ақпан 2020 жылдан Москва қ. «Антиплагиат» акционерлік қоғамының бас директоры Фунтов Виталий Анатольевичпен жасаған келісім-шарт негізінде жүргізіледі. Келісім-шарт әр оқу-жылында жаңартылады. Университет магистранттары, оқытушыларының "жазбаша жұмыстарды тексеруді жүргізу ережелері" бекітуімен оқу және ғылыми қызметтің ұйымдастырылуы мен сапасын жақсарту мақсатында жазбаша жұмыстардың өз бетінше орындалуын тексеру тәртібі анықталады

Білім беру бағдарламасының мақсаттарының тиімділігі магистранттардың үлгерімі, кәсіптік тәжірибе нәтижелері, магистрлік диссертацияны қорғау сапасы және қорытынды аттестацияны тапсыру, магистранттың оқу сапасымен қанағаттану дәрежесі туралы мәселелерді кафедра мәжілісі, факультет кеңесінде жоспарлы қарау арқылы жүйелі түрде бағаланады. Факультет кеңесінің отырысында "магистрлік диссертациялардың тақырыптарын бекіту", "магистранттардың практикасының қорытындылары туралы" және т.б. мәселелер тұрақты қарастырылды. Білім беру бағдарламасының мақсаттарына қол жеткізу тиімділігінің көрсеткіштері сыртқы және ішкі мониторинг нәтижелері болып табылады.

**Оң тәжірибе:** қаланың, облыстың, республиканың қоғамдық өміріндегі университеттің оң академиялық имиджі; ПОҚ кәсіби құзыреттілігі есебінен оқыту сапасының жоғары деңгейі; жоғары корпоративтік мәдениеттің болуы.

**Ұсыным:** Өңір үшін білім беру бағдарламасының түлектерін мақсатты даярлау.

7M01601 - «Тарих мұғалімдерін даярлау» / 6M011400 - «Тарих» Білім беру бағдарламасының бірінші стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – Толық сәйкес.

## **СТАНДАРТ 2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӨЗІРЛЕУ, БЕКІТУ ЖӘНЕ АҚПАРАТТАРДЫ БАСҚАРУ**

### **Дәлелдемелер және талдау**

Білім беру бағдарламасын құрудың мазмұны мен логикасы ҚР БҒМ нормативтік талаптарына және университеттің ішкі ережелеріне негізделген. Білім беру бағдарламасын қалыптастыра отырып, факультет пен кафедра жоспарлау, әдістемелік қамтамасыз ету, оқыту технологияларына ғылыми негізделген тәсілдерді қолданады. 7M01601 - «Тарих мұғалімдерін даярлау» / 6M011400 - «Тарих» білім беру бағдарламасы бойынша модульдік БББ 2 негізгі бөлімнен тұрады: білім беру бағдарламасының ПАСПОРТЫ және мазмұны (Қосымша 7).

БББ бойынша магистратураның кәсіби қызметінің пәні болып табылады:

- Қазақстан Республикасында білім беруді дамыту тұжырымдамасының талаптарын іске асыру жолдары;

- оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастырудың мақсаттары, міндеттері, мазмұны, нысандары мен әдістері; оқу және педагогикалық қызмет шарттары;

- білім алушылардың тұлғалық және кәсіби әлеуеті; білім алушылар мен тәрбиеленушілердің әлеуетті мүмкіндіктерін дамыту мақсатында психиканың тұлғалық және когнитивтік саласын зерттеу; жеке тұлғаға бағытталған білім беруді жүзеге асыру арқылы жеке және сараланған тәсілдер.

БББ мазмұны: жалпыға міндетті Модульдер базалық (БП) және кәсіптендіру пәндер (КП) модульдерін, ғылыми-зерттеу жұмысы (ҒЗЖ) және қорытынды аттестаттауды (ҚА) қамтитын білім беру бағдарламасы бойынша модульдер. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру үшін білім беру бағдарламасы модульдерінің пәндері оқытылады: Отандық тарихтың іргелі мәселелері, ЖОО дағы тарихты оқыту әдістемесі, Шетелдік тарихнамадағы жаңа бағыттар, т.б.

Білім беру бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз ететін академиялық кеңес құжаттарды кафедрада жетекші оқытушылар ішкі нормативтік регламенттеуші құжаттарға сәйкес әзірлейді және факультеттің және университеттің ОӘК отырыстарында бекітіледі. 7M01601 - «Тарих мұғалімдерін даярлау» / 6M011400 - «Тарих» білім беру бағдарламасының жұмыс оқу жоспары (ЖОЖ) элективті пәндер каталогына және типтік оқу жоспарына толық сәйкес келеді. Мәселен, 2019-2020 жылғы ЖОЖ Базалық пәндер (БП) циклінде міндетті компонентке 20 кредит, таңдау компонентіне 15 кредит, кәсіптендіру пәндер циклінде (КП) міндетті компонентке 4 кредит, таңдау компонентіне 45 кредит, ҒЗЖ – 24 кредит, ҚА-12 кредит бөлінеді.

Таңдау компонентінің пәндері элективті пәндер каталогынан ЖОЖ-ға енгізіледі. Каталогта ұсынылған пәндер өзектілігімен, практикалық мақсаттылығымен сипатталады, еңбек нарығының әлеуметтік тапсырысына жауап береді және инновациялық бағыты бар. Элективті пәндер каталогы жыл сайын сыртқы ортаның өзгеруін және еңбек нарығының талаптарын ескере отырып қайта қаралады. Элективті пәндер каталогы оқудың барлық кезеңіне толтырылады.

7М01601 - «Тарих мұғалімдерін даярлау» / 6М011400 - «Тарих» білім беру бағдарламасы бойынша жұмыс оқу жоспарында практиканың келесі түрлерінен өту қарастырылған: педагогикалық, зерттеу және магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы, тағлымдамадан өту және магистрлік диссертацияны орындау.

Кәсіптік практиканың барлық түрлеріне жіберу мерзімі, базасы және жетекшісі көрсетіле отырып, ректордың бұйрығымен ресімделеді. Практиканың барлық түрлері бойынша кафедрада білім беру бағдарламасы бойынша практиканың жұмыс бағдарламалары бар. Кәсіптік практиканың барлық түрлерінің жалпы көлемі 13 кредитті (390 сағат) құрайды. Кафедрада университет кафедралары мен ОҚМПУ, Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты және т.б. келісім шарттар түзілген. Кәсіби практиканың қорытындысын талдау кәсіби шеберлік пен дағдылардың өсуін, практикада алған теориялық білімдерін растайтын магистранттардың қажеттілігін көрсетеді. Кәсіби практика туралы барлық ақпарат университеттің сайтында көрсетілген.

7М01601 - «Тарих мұғалімдерін даярлау» / 6М011400 - «Тарих» білім беру бағдарламасы бойынша болашақ мамандарды даярлау кезінде білім беру үдерісінде келесі ОӘК, Оқу құралдары, әдістемелік нұсқаулар, дәріс конспектілері, қорытынды емтихан тапсырмалары т.б. кіреді. Магистратураның білім беру бағдарламаларының барлық модульдері/пәндері әдістемелік ұсыныстарға сәйкес әзірленген ОӘК және әдістемелік нұсқаулармен қамтамасыз етілген.

БББ магистранттардың оқу іс-әрекетінің әртүрлі түрлерін қарастырады, оларға байланыс және аудиториядан тыс сабақтар, кәсіби практикалар жатады. Оқытушының жетекшілігімен магистранттардың өзіндік жұмысы бекітілген кестеге сәйкес жүзеге асырылады, ұйымдастыру формасы дәстүрлі емес және интерактивті үлгіге дейін өзгереді. Магистранттардың ғылыми зерттеулерінің тақырыптары білім беру бағдарламасының бағытына сәйкес келеді .

Білім беру бағдарламасын бағалау ішкі және сыртқы бағалау механизмдерімен жүргізіледі. Білім беру бағдарламаларын ішкі бағалау: кафедралар, факультет пен университеттің академиялық кеңесі, факультет Кеңесі, ЖОО Ғылыми кеңесі деңгейінде жүргізіледі. Білім беру бағдарламасын іске асыру сапасын бағалау білім беру сапасын мониторингілеудің жалпы жүйесі шеңберінде жүзеге асырылады. Сараптау критерийлері элективті пәндердің өзектілігі, бітіру жұмыстарының тақырыптары, таңдау бойынша пәндерді оқу үшін кредит көлемінің негізділігі,

пәндер мен практика бағдарламаларының жұмыс берушілермен келісілуі, практика базаларының мамандарды даярлау бағытына бейімдік сәйкестігі болып табылады.

Білім беру бағдарламасы ОӘК және ПОӘК толық қамтамасыз етілген. Онда талап етілетін құжаттардың барлығы талапқа сай рәсімделген. Оқытушылар дайындайтын пәннің оқу-әдістемелік кешендері мен оқу-әдістемелік құралдары кафедраның мәжілісінде талқыланады, кафедра меңгерушісі бекітеді. Бекітілген пәннің оқу-әдістемелік кешендері мен оқу-әдістемелік құралдар «Platonus» автоматтандырылған ақпараттық жүйеге ендіріледі. Олармен магистранттар өздерінің жеке кабинеттері бойынша танысады, оқу үдерісінде пайдаланады.

Жұмыстың басты бағыттары оқу процесіне заманауи инновациялық технологияларды енгізу болып табылады, олардың кейбір ережелері жинақталған және кафедра оқытушыларының оқу құралдары түрінде ұсынылған.

Білім беру бағдарламасын әзірлеуге кафедраның білікті профессор-оқытушылары, жұмыс берушілер, магистранттар белсенді түрде қатысып келеді. Бағдарламаның оқу жұмыс жоспарының құрамына енетін таңдау пәндері қазіргі білім үдерсіндегі жаңалықтармен, өзгерістермен, нарық сұранысымен, жұмыс берушілер мен магистранттардың ұсынысымен байланысты таңдалады.

Кафедра жұмыс берушілерге пән тізімдері бойынша ұсыныс береді. Соның негізінде қажетті пәндер таңдалып, жаңа пәндер қатарына ұсыныс беріледі. Жұмыс берушілер мектеп бағдарламасына сәйкестендіре отырып, жаңа пәндерге тапсырыс береді.

Білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету үшін деканат, кафедра, білім алушылар, жұмыс берушілер бірлескен түрде жұмыс жасайды. Кафедрада арнайы жұмыс тобы құрылып, құрамы кафедра мәжілісінде бекітілген және мәжіліс хаттамасымен ресімделген. Жұмыс тобы дайындық бойынша білім беру бағдарламаларының ерекшеліктерін, еңбек нарығының сұранысын ескере отырып, бағдарламаның басты мақсатын анықтайды.

БББ әзірлеу кезінде жұмысшы топ тараптардың сұраныстарын ескере отырып, оқу жоспарына енгізілетін пәндер тізімін анықтап, олардың қысқаша мазмұнын, мақсатын және күтілетін нәтижелерін нақтылайды.

Білім алушыларға сауалнама жүргізу рәсімі университетке білім алушылардың оқу жағдайларын жақсарту, оқу әдебиеті қорын толықтыру, оқу тақырыптарын немесе пәндерді элективті курстар каталогына қосу, академиялық ұтқырлықты дамыту бөлігінде күтулері туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді. Жалпы есепті кезеңде мониторинг нәтижелері бойынша білім беру бағдарламасын жүзеге асыру сапасын арттыру бойынша бірқатар іс-шаралар өткізілді.

Базалық пәндер цикліне (ЖОО компоненті) 20 кредит, таңдау компонентіне 15 - кредит, барлығы - 35 кредит. Бейіндеуші пәндер циклі (ЖОО компоненті) 4 кредит, таңдау компонентіне 45 - кредит, барлығы - 49 кредит,

Зерттеу практикасы 9 - кредит, Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы, тағылымдамадан өту және магистрлік диссертацияны орындау жұмысы 24 - кредит, Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау - 12 кредит. Жалпы барлығы 120 - кредит.

Қашықтықтан оқыту форматында «Сырдария» университетінің білім беру мазмұны, оқыту формасы мен әдістері және магистранттардың білімін, біліктілігін бақылау уақыт талабына сай білім беру бағдарламаларына қойылатын талаптарға сай ұйымдастырылған.

Университет білім алушыларының оқу, әдістемелік, ақпараттық, анықтамалық материалдар, өзіндік тапсырмалар орналастырылған білім беру порталына кіру үшін өздерінің есептік жазбалары болады. Профессор-оқытушылық құрамы мен магистранттар қашықтықтан оқыту жүйесін Platonus, Zoom, Webex Meetings және WhatsApp мессенджері платформалары арқылы жүзеге асырады, Пәннің оқу-әдістемелік кешендерін, оқу материалдары мен тапсырмаларын жүктейді, магистранттармен кері байланыс ұйымдастырады.

2012 жылдан бастап оқу процесі кредиттік оқыту жүйесіне арналған "Platonus" автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне көшірілді және қашықтықтан оқыту нысанына көшуде қиындықтар болған жоқ, сондықтан ЖОО-ның барлық білім алушыларының Platonus платформасында оқуға мүмкіндігі бар. Жүйенің Интернет-адресі: [platon.sirdariya.kz](http://platon.sirdariya.kz) (немесе 89.218.153.154)

Кері байланысты ұйымдастыру келесі алгоритм бойынша жүзеге асырылады: оқытушы IP мекен-жайы бойынша Platonus жүйесіне кіреді. Содан кейін логин мен парольді теріп, жүйеге қол жеткізеді. "Тапсырмалар" ұяшығына сабақ материалдарын енгізеді және магистранттарға жібереді. Магистранттар логиндер мен парольдерді қолдана отырып, жүйеге қол жеткізе алады және "тапсырмалар" ұяшығынан жіберілген материалдар мен тапсырмаларды алады. Оларға үш күн ішінде орындалған тапсырмаларды "хабарламалар" ұяшығының көмегімен орындауға және жіберуге мүмкіндік беріледі.

Профессор-оқытушылар еркін қол жетімді орналастырылған «Платонус» платформасындағы контентін толтырып, қашықтықтан оқытудың әзірленген алгоритмі бойынша аудио және бейне дәрістер дайындаған.

Қазіргі заманғы кітапхананы қалыптастыру үшін оқу орнында "Кабис" лицензиялық бағдарламасы енгізілген. Сондай-ақ, электрондық кітапхана ресурстары бойынша "Сырдария" университеті Қазақстан Республикасының ондаған үздік жоғары оқу орындарының төртінші сатысында тұр.

Бүгінгі таңда университеттің кітапхана қоры барлық қажетті оқу-әдістемелік әдебиеттермен жабдықталған және қазіргі уақытта 350 922 бірлікті құрайды. Жаңа электронды оқулықтар сканерленіп, университеттің электронды кітапханасының сайтына орналастырылды (<http://ko-sirdariya.kz/300-.html>). барлық сканерленген кітаптар мен оқулықтар университеттің электрондық ресурстар каталогына енгізілген және магистранттар мен оқытушылар ҚБТ жағдайында белсенді қолдана алады (<http://ko-sirdariya.kz>).

"Сырдария" университетінде Platonus платформасында оқытушылардың сабақ өткізуіне және білім алушылардың сабаққа қатысуына, қашықтықтан оқыта отырып, магистранттың алған білімінің нәтижесін бағалау немесе күнделікті магистрант қандай деңгейде білімге қол жеткізіп жатқанын анықтау мақсатында мониторинг ұйымдастырылып, call-центр қызметкерлері ҚБТ аясында прокторинг өткізеді.

Университетте қалыптасқан бағалау кезінде магистранттардың үлгерімі алдынала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығының көмегімен өлшенеді. Бұл бағалаудың түрі оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және магистранттардың дағдыларының қалыптасу және білімді меңгеру деңгейін байқатады, оқудағы қиындықтарды анықтауға, оқу бағдарламасындағы белгіленген оқу мақсаттарына қол жеткізуге көмектеседі. Сонымен қатар профессор-оқытушылар мен магистранттар арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді.

Қазіргі уақытта білім беру бағдарламасы бойынша оқитын магистранттар контингенті - 22 адамды құрайды.

Университет ақпаратты жүйелі жинау, талдау және басқару негізінде магистранттардың, қызметкерлердің және басқа да мүдделі тараптардың қатысуымен бағдарламаларды жүйелі түрде бағалауды және қайта қарауды жүргізеді, соның нәтижесінде бағдарламалар олардың өзектілігін қамтамасыз ету үшін бейімделеді.

2020 жылғы сауалнама негізінде жасалған бағдарламаға қызмет көрсететін оқытушылардың рейтингі оқытушылардың 92%-ы білім алушылардың жоғары бағасына ие екендігін көрсетті

Статистика көрсеткендей, білім алушылардың 97% - дан астамы және жұмыс берушілердің 100% университеттің дайындық сапасына қанағаттанған.

7M01601 - «Тарих мұғалімдерін даярлау» / 6M011400 - «Тарих» білім беру бағдарламасы магистранттарының жұмыспен қамтамасыз етілуі 92% .

7M01601 - «Тарих мұғалімдерін даярлау» / 6M011400 - «Тарих» білім беру бағдарламасы бойынша магистр-білім беру бағдарламасының түлектері мен докторантурада оқуды жалғастыру үшін кәсіби біліктілігі мен зерттеу дағдылары бар, оқу озаттары, бітіруші курстардың күшті магистранттар қатарынан контингентті қалыптастыру үшін барлық жағдай жасалған.

**Оң тәжірибе:** Білім беру бағдарламасының сапасын ішкі бағалаудың үздіксіз механизмінің болуы; элективті курстардың жыл сайынғы жаңартылуы; академиялық сапаны қамтамасыз етудің енгізілген рәсімдері. магистранттардың оқу үрдісіне енгізілген педагогикалық және зерттеу практикаларының оңтайлы ұйымдастырылуы.

**Ұсыным:** Шетелдік ғалымдарды шақыру мүмкіндігі; Оқытушылардың, магистранттардың академиялық ұтқырлығын жүзеге асыру.

7M01601 - «Тарих мұғалімдерін даярлау» / 6M011400 - «Тарих» Білім беру бағдарламасының екінші стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкес.

### СТАНДАРТ 3. МАГИСТРАНТҚА БАҒЫТТАЛҒАН ОҚЫТУ, БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

#### Дәлелдемелер және талдау

Магистранттар БББ басты тұтынушылары болып табылады, сондықтан бағдарламаның жүзеге асырылуы олардың мүдделеріне негізделеді. Университеттің білім беретін ортасы білімгердің келесі мінездемесін: жекелігін, жеке басының және кәсіби өсуін, дербестігін және өзін-өзі бағалау және сыйлау секілді қасиеттерін оқу үдерісінде есепке алады. Оқытуға деген жаңаша көзқарас студент тұлғасын алдыңғы қатарға қояды. Магистранттардың өзін-өзі жүзеге асыруының маңызды көріністерінің бірі ғылыми-зерттеу жұмысына қатысу болып табылады. Кафедрада "Өркениет" ғылыми үйірмесі жұмыс істейді, жыл сайын ғылыми студенттік конференциялар өткізіледі, оқытушылармен бірге, сондай-ақ «Сырдария» университетінен шығаратын дәстүрлі студенттік ғылыми-тәжірибелік конференция жинақтарында жариялануға мүмкіндік бар, Магистранттар республикалық ғылыми конкурстарға, конференцияларға, олимпиадаларға және т.б. қатысады.

Магистранттардың оқу жүктемесі олардың жеке қабілеттері мен мүмкіндіктерін ескере отырып әзірленеді. Оқу жүктемесі магистранттың барлық оқу әрекетін қамтиды – дәрістер, семинарлар, курстық жұмыстар (жобалар), практикалық жұмыстар, кәсіптік практика, магистрлік диссертация (жоба), өзіндік жұмыс, оның ішінде оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін жұмыс. Магистранттың оқу жүктемесін анықтау кезінде оқу жылы нысандарын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі дербес айқындайтын академиялық кезеңдерден (семестр – 15 апта), аралық аттестаттау, практика, каникул кезеңдерінен, қорытынды аттестаттау кезеңінен (бітіруші курста) тұратыны әр магистрантқа ескертіледі.

Траекторияны таңдау және жеке жоспар құру үшін магистранттарға көмек ретінде элективті пәндер каталогы ұсынылады. Магистранттың таңдауы "Platonus" автоматтандырылған жүйесі арқылы тіркеледі. Пәндер мен оқытушыларды таңдау негізінде магистранттардың жеке оқу жоспарлары құрылады, оларды факультет деканы бекітеді және офис-тіркеу бөлімінде және магистранттарда сақталады.

Сонымен қатар, магистрант магистрлік диссертация тақырыбын, ғылыми жетекшіні таңдауға мүмкіндігі бар. Магистрантқа бекітілген тақырыптарда ұсынылған, сондай-ақ онда қамтылмаған тақырыптарда магистрлік диссертацияны орындауға құқық беріледі. Соңғы жағдайда магистрант кафедраға ұсынылған тақырыптың өзектілігін, ғылымилығын, қол жетімді көздермен қамтамасыз етілуін ескере отырып әзірлеудің орындылығын негіздеуді және оның орындалу мүмкіндігін болжанған ғылыми жетекшімен талқылайды.

Кафедра магистранттарға ОПК практикалық сабақтарды өткізгенде жоспарланған оқу нәтижелеріне қол жеткізеді және магистранттардың қажеттіліктеріне жауап береді.

Емтихандар тестілеу және ауызша түрде өткізіледі. Кафедра мәжілістерінде пәндер бойынша тест тапсырмалары мен билеттерге қатысты сұрақтар қаралады және бекітіледі. Емтиханды өткізу үшін біліктіліктері сол пәннің бейініне сәйкес келетін алдыңғы қатарлы профессорлар мен доценттер арасынан 3 адамнан кем емес емтихан қабылдаушылар факультет декандарының өкімдерімен бекітіледі. Әдетте, кесте бойынша ауызша емтихандар бейне камералармен жабдықталған аудиторияларға қойылады.

Қорытынды аттестаттау, әдетте магистрлік диссертацияны қорғайды. Есепті кезеңде қорытынды аттестаттаудан сәтті өткендердің саны 100% кұрайды. Бітірушіге 7М01601 - «Тарих мұғалімдерін даярлау» / 6М011400 - «Тарих» білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі дәрежесі беріледі. Мысалы: 7М01601 - «Тарих мұғалімдерін даярлау» / 6М011400 - «Тарих» білім беру бағдарламасы бойынша 2015-2016 оқу жылы 5, 2016-2017 оқу жылы 5, 2017-2018 оқу жылы 6, 2018-2019 оқу жылы 4, 2019-2020 оқу жылы 6.

Университет академиялық ұтқырлық бағдарламасы білім алушылары немесе оқытушы-зерттеушілер оқыту немесе зерттеулер жүргізу үшін белгілі бір академиялық кезеңде (семестрге немесе оқу жылына) өзінің білімін жалғастыру үшін басқа жоғары оқу орнына ұтқырлық бағдарламасы бойынша барып, оқуға мүмкіндік алады. Университетте академиялық ұтқырлық бағдарламасы жұмыс істейді: сыртқы (халықаралық) – шетелдік ЖОО-нда оқытудан өту және ішкі (ұлттық) – жетекші қазақстандық ЖОО-нда оқыту. Академиялық ұтқырлық шеңберінде еліміздің ЖОО-дарынан магистранттардың біздің университетте білім алу мүмкіндігін береді. Білім беру бағдарламасы бойынша біздің магистранттар ОҚМПУ, Тәжік педагогикалық университеті «Сырдария» университетімен академиялық ұтқырлық бойынша магистранттар алмасады. Мысалы: 7М01601 - «Тарих мұғалімдерін даярлау» / 6М011400 - «Тарих» білім беру бағдарламасы бойынша Бейсенов Әзімбек Аймақтық әлемеуметтік-инновациялық университетінде 2-семестрде білім алуын жалғастырды.

Университет мобильділікті қалыптастыруға, зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған магистранттардың үздіксіз өз бетімен білім алуын қамтамасыз етуді мақсат етеді және сол үшін максималды жағдайлар жасайды, оларды кейінгі процестерде жетілдіріп отырады. Білім беру бағдарламасы магистранттардың үздіксіз білімді жетілдіру мен кәсіби ұтқырлықтың қалыптасуына бағытталған.

Магистранттардың қолданылатын бағалау критерийлері, емтихандар және бақылаудың басқа түрлері туралы хабардар болуы. Жоғары оқу орны бекіткен стандартталған тесттердің немесе білім беру бағдарламаларының пәндері бойынша сұрақтардың болуы.



Емтихандар ауызша, тест түрінде өткізіледі. Факультет деканының өкімі бойынша ауызша емтихан алу рәсімі пән оқытушысының қабылдауымен жүргізіледі, тест түріндегі емтихан алу рәсімдеріне бірнеше тәуелсіз бақылаушылар қатысады.

Университетте аралық, ағымдық, қорытынды бақылау бағалары «Platonus» автоматтандырылған ақпараттық жүйе ендіріледі, магистранттар өз үлгерімінің нәтижесін біліп отырады

Қорытынды бақылау бағасымен келіспеген магистрант тест сұрақтары мен оның жауаптарының мазмұнында немесе емтихан билеттерінің мазмұнында сәйкессіздік орын алғанда ғана апелляцияға өтініш бере алады.

- тест сұрақтарының мазмұнында немесе оның жауаптарының мазмұнында қате болған жағдайда;

- қорытынды аттестаттаудың басқа түрлері бойынша мазмұнымен келіспеушілік болған жағдайда.

Білім алушы апелляцияға өтінішті қорытынды аттестаттау өткен күннің ертесіне сағат 13:00 дейін тест орталығына береді.

Апелляциялық комиссия 24 сағат аралығында өтінішті қарастырып, бастапқы алған бағасын қалдыру немесе бағаны қайта қарастыру туралы шешім қабылдайды.

Апелляция нәтижелері хаттамамен ресімделеді және оның шешімі негізінде білім алушының жеке емтихан ведомосы жасалады, ол негізгі емтихан ведомосына тіркеледі.

Магистранттардың ар-намыс кодексін және оқуға, білім алуға, бағалауға толық жағдай жасалған. Университет сайтына тұтынушылардың виртуалды шағым кітапшасын орналастыру арқылы шағымдар қаралып, жауап берілген. <http://sirdariya.kz/> ректор блогы.

Бітірушілердің білім сапасын анықтау ішкі мониторинг жүйесімен жүзеге асады. Ағымдағы бақылаудың нәтижесі, магистранттардың қорытынды біліміне талдау жасау, академиялық көрсеткіштері кафедра мәжілісінде, факультет Кеңесі мен университеттің ғылыми Кеңесінде қаралады.

Университет мобильділікті қалыптастыруға, зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған магистранттардың үздіксіз өз бетімен білім алуын қамтамасыз етуді мақсат етеді және сол үшін максималды жағдайлар жасайды, оларды кейінгі процестерде жетілдіріп отырады. Білім беру бағдарламасы магистранттардың үздіксіз білімді жетілдіру мен кәсіби ұтқырлықтың қалыптасуына бағытталған.

**Оң тәжірибе:** Пәндерді оқыту сапасын мониторингілеудің және білім алушылар мен жұмыс берушілердің бағдарлама түлектерін даярлау нәтижелерімен қанағаттануын бағалаудың тиімді тетіктерінің болуы; Өз саласында және аралас салаларда кәсіби құзыреттіліктерді, сондай-ақ жеке құзыреттіліктерді алуға мүмкіндік беретін білім беру бағдарламасының икемділігі.

**Ұсыным:** Шетелде академиялық ұтқырлық бағдарламаларында магистранттарды оқыту; барлық қажетті құзыреттілікке ие және өмір бойы өз біліктілігін арттыруға бағытталған бәсекеге қабілетті мамандар даярлау.

7M01601 - «Тарих мұғалімдерін даярлау» / 6M011400 - «Тарих» Білім беру бағдарламасының үшінші стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкес.

## **СТАНДАРТ 4. МАГИСТРАНТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ, ҮЛГЕРІМ, ТАҢУ ЖӘНЕ СЕРТИФИКАТТАУ**

### **Дәлелдемелер және талдау**

БББ тиімділігінің маңызды көрсеткіші – магистрант өзінің білім беру бағдарламасының құзыреттілігін жетік меңгеріп, фундаментальді және практикалық дайындықты кең түрде сәйкестендіре отырып, алған құзыреттілігін практикада пайдалана алатын болуы тиіс. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілгені негізінде ұйымдастырылады.

Кәсіби бағдар жөніндегі ақпараттар университеттің <http://www.sirdariya.kz> сайтында берілген.

Магистратураға жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын білім беру бағдарламаларын игерген тұлғалар қабылданады.

Магистратураға түсуші тұлғалар ЖОО-ға немесе ғылыми ұйымдарға мынадай құжаттарды тапсырады:

- 1) ұйым басшысының атына өтінішті (еркін түрде);
- 2) жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесін;
- 3) жоғарғы білімі туралы құжаттың нотариалды расталған көшірмесі қосымшасымен;
- 4) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;
- 5) кадрлар есебі бойынша жеке іс парағы мен еңбек қызметін растайтын құжатты (еңбек өтілі бар тұлғалар үшін);
- 6) 3x4 сантиметр өлшемді алты фотосурет;
- 7) 086-У нысанындағы медициналық анықтаманы;
- 8) кешенді тестілеу тапсырғаны туралы сертификат;

Осы тармақта көрсетілген құжаттардың көшірмелерімен бірге салыстыру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалар қайтарылады.

Көрсетілген құжаттарды түгел ұсынбаған жағдайда қабылдау комиссиясы түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

Магистратураға түсуші тұлғалар шет тілі бойынша тесттен, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тесттен, оқуға дайындығын

анықтауға арналған тесттен тұратын білім беру бағдарламаларының топтары бойынша кешенді тестілеу тапсырады.

Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін магистратураға түсуші тұлғалар ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тесттен және оқуға дайындығын анықтауға арналған қазақ немесе орыс тіліндегі (таңдау бойынша) тесттен тұратын кешенді тестілеу тапсырады.

Білім беру бағдарламаларының түрлері мен білім беру деңгейлері бойынша магистранттар контингентінің электронды базасы жасалған. Магистранттардың қажетті контингентін тарту үшін ЖОО саясаты мен маркетингі, қабылдау шарттары және білім беру бағдарламаларына рұқсат берудің ерекше шарттары әрқашан талдау жасалып отырады. Platonus-автоматтандырылған ақпараттық жүйеде жеке оқу жоспарлары, силлабустар, ПОӘК материалдары орналастырылған. Магистранттардың қажетті контингентін тарту үшін ЖОО саясаты мен маркетингі, қабылдау шарттары және білім беру бағдарламаларына рұқсат берудің ерекше шарттары университет сайтында <http://sirdariya.kz/> орналастырылған. Сондай-ақ болашақ магистранттар үшін таныстыру презентациялары және олармен жеке әңгімелесулер, БАҚ-та жарнамалық акциялар және ашық есік күндері өткізіледі.

Магистранттар Platonus автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде бағдарламалық кешенді қолдану арқылы жеке академиялық жетістіктерді бақылай алады - "магистранттың жеке кабинеті" арқылы. Бұл модульге қол жеткізу әр магистранттың уәкілетті кіруі арқылы жүзеге асырылады. Магистрант ағымдық және аралық бақылауларды, сондай-ақ емтихан сессияларын тапсыру нәтижелерін көре алады.

Магистранттың білімді меңгеруі мен білім алуға деген қызығушылығы және оның үлгерімінің жоғары дәрежеде болуына, оның жаңа қоғамдық ортадағы магистранттармен, оқытушылармен, жоғары оқу орнының әкімшілігімен өзара қарым-қатынасының жақсы болуы үлкен әсер етеді. Сондықтан профессор-оқытушылар құрамының магистранттармен жұмыс жасау жағдайы олардың бейімделуіне үлкен әсерін тигізеді. Университеттегі магистранттардың бейімделуі оқу қызметі жүйесінде өте маңызды құрамдас элемент болып табылады. Себебі, бейімделу өте динамикалық үдеріс. Бірінші курс магистранттарының университет өміріне табысты бейімделуі олардың тұлға, маман ретінде дамуының кепілі болып табылады.

Университетте магистранттардың сабақ сапасына қанағаттанарлығы жайлы әлеуметтік сауалнама алу дағдыға айналған. Оқытушының оқу үдерісіндегі білім деңгейі мен кәсіби дәрежесін бағалауда «Оқытушы магистрант көзімен» атты сауалнамалар жүргізіліп, күшті және әлсіз жақтары, оқыту сапасына қанағаттанбау себебі анықталады.

14 білім беру ұйымы қатысқан есеп беру кезеңіндегі әлеуметтік сауалнама (2015-2020 ж.ж.) барлық сұралған жұмыс берушілер 7M01601 - «Тарих мұғалімдерін даярлау» / 6M011400 - «Тарих» білім беру бағдарламасы түлектерінің дайындық деңгейін оң бағалағанын көрсетті. Сұралған жұмыс

берушілердің бағалауы бойынша, барлық жұмысқа орналасқан БББ түлектері қажетті құзыреттерге ие.

Университет пен жұмыс берушілердің БББ әзірлеу кезіндегі бірлескен қызметі Еңбек нарығының талаптары мен ЖОО мүмкіндіктерін ескере отырып, түлектердің жалпы мәдени және кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейіне қойылатын талаптарды нақтылауға мүмкіндік береді. Білім беру бағдарламаларында тұжырымдалған құзыреттіліктер МЖМБС талаптарының дайындық ерекшеліктерін көрсетеді.

Дипломға қосымша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында және оқу жұмыс жоспарында, практика түрлері мен қорытынды аттестаттау нәтижелерінде көзделген көлемде барлық пәндер бойынша алған бағаларына сәйкес магистранттардың (білім алушылардың) жеке оқу жоспарын орындауы туралы анықтама негізінде толтырылады. Дипломға қосымшада әрбір оқу пәні бойынша білімді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша оның ұлттық шкала кредитіндегі және ECTS шкаласындағы көлемі көрсетіле отырып, соңғы бағалары жазылады.

